

2012 жылғы 1 тоқсанға арналған кедейлік шегін анықтау туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2011 жылғы 27 желтоқсандағы № 459-ө Бұйрығы. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде 2011 жылы 28 желтоқсанда № 7358 тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012 жылғы 26 наурыздағы № 96-ө-м Бұйрығымен.

Ескерту. Бұйрықтың күші жойылды - ҚР Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің 2012.03.26 № 96-ө-м (алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2012.04.01 бастап туындаған қатынастарға қолданылады) Бұйрығымен.

Қолданушылардың назарына!

Бұйрықтың қолданысқа енгізілу тәртібін 5-тармақтан қараңыз.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 8 сәуірдегі № 537 қаулысымен бекітілген Кедейлік шегін анықтау ережесінің 4-тармағына сәйкес атаулы әлеуметтік көмектің мөлшерін анықтау үшін Қазақстан Республикасының күнкөрісі темен азаматтарына әлеуметтік көмек көрсету өлшемдерін белгілеу мақсатында

БҰЙЫРАМЫН:

1. Қазақстан Республикасы бойынша 2012 жылғы 1 тоқсанға арналған кедейлік шегі Қазақстан Республикасының Статистика агенттігі өткен тоқсанға есептеген ең төменгі күнкөріс деңгейінің 40 пайызы мөлшерінде анықталсын.

2. Қазақстан Республикасы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрінің «2011 жылдың 4 тоқсанына арналған кедейлік шегін анықтау туралы» 2011 жылғы 29 қыркүйектегі № 346-ө бұйрығының (Нормативтік-құқықтық актілерді тіркеудің мемлекеттік тізілімінде № 7208 тіркелген және «Егемен Қазақстан» 2011 жылғы 19 қазандағы № 503-504, 2011 жылғы 19 қазандағы «Казахстанская правда» № 333 газеттерінде жарияланған) күші жойылған деп танылсын.

3. Әлеуметтік көмек департаменті (Ш.С.Жақытова) осы бұйрықтың:
1) заңнамада белгіленген тәртіппен Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркелуін және ресми жариялануын;

2) облыстық, Астана және Алматы қалаларының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасына жеткізуді қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Еңбек және

халықты әлеуметтік қорғау вице-министрі С.Ә.Ахметовке жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен бастап күшіне енеді және 2012 жылғы 1 қаңтардан бастап туындаған қатынастарға қолданылады.

Министр

Г. Әбдіқалықова

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК